



www.farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

Ushqyr oıla! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!

Farabı

№11
қараша
2023

shákirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

Алматы қаласының
символдарының бірі –
«Қазақстан» қонақ үйі



Құрметті ата-ана!

Ұл-қызыңыздың шығармашылықпен айналысатыны сөзсіз. Алайда жазған мақаласын, шығарған өлеңі мен жетістігін, салған суреттерін жариялайтын журнал бар, «Farabi shakirti» - деп аталады.

Журналға келесі 2024 жылға жазылу басталды.

Индекс 76081

Қала бойынша:	Ауыл/село:
1 ай – 526,90.	1 ай – 531,20.
6 айға – 3161,80.	6 айға – 3187,20.
12 айға – 6322,80.	12 айға – 6374,40.

Журналдың электрондық нұсқасына да жазылуға болады.

Индекс 26081

Қала бойынша:	6 ай – 3079,80.	12 ай – 6159,60.
Ауыл/село:	3105,60,	6211,20.

Балаңызға қай нұсқаны жазып берсеңіз де тиімді.

 [farabishakirti.kz](https://www.facebook.com/farabishakirti.kz);

 [farabishakirti.kz](https://www.instagram.com/farabishakirti.kz) әлеуметтік парақшаларымызды ақтарып, қараңыз!

[farabishakirti.kz](https://www.farabishakirti.kz) әлеуметтік желісінде де бармыз. Тел: **87017309312**



Farabi shakirti

№11 (51) қараша, 2023 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**

Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**

Тамила ИБРАГИМОВА

Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: **040600**

Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81

87017309312

E-mail: farabi_shakirti@mail.ru

ТАРАЛЫМЫ – 228 ДАНА

Зерек жасөспірімдерге
арналған
Республикалық басылым

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 28.01.2019 жылы тіркеліп, №17481-Ж куәлігі берілді.

Сайт Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде 17.02.2021 жылы тіркеліп №KZ43VPY00032526 куәлігі берілді.

Жарнама мен хабарландырулар жарнама берушінің қалаған тілінде жарияланады.

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Журналдың электрондық нұсқасы "Farabi shakirti" редакциясында қапталды



Мемлекет басшысы Үштөбедегі орта мектепті аралап көрді

Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында биыл ашылған 30 орындық жатақханасы бар Гуманитарлық колледжге барды.



Мұнда болашақ педагогтерге «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Бастауыш білім беру педагогикасы және әдістемесі» мамандықтары бойынша білім беріледі.

Оқу орнында 17 заманауи аудитория, мәжіліс және спорт залдары, медициналық кабинет, асхана мен буфет бар. Колледж инклюзивті орта талаптарына сай жабдықталған, яғни ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін пандус пен арнайы лифт қойылған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Үштөбедегі орта мектепті аралап көрді.

Білім ошағы 1963 жылы салынған. 1996 жылы мектепке Кемел Тоқаевтың есімі берілген.

Президентке қаламгер Кемел Тоқаевтың шағын кабинет-мұражайы таныстырылды. Мұнда жазушының шығармалары, тұтынған жеке заттары қойылған.

akorda.kz



Әбділдә Тәжібаев

ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан өлкесінің кеңдігін
Өлшеп жатпай өзгелерше мен бүгін,
Оңай ғана ұғындырып байқайын,
Болмашы бір белгілерін айтайын.
Қысты күні бөлмеңізде пеш қызып,
Көрінгенде сол қызудан кеш қызық.
Жанған отқа сүйсіне зер салыңыз.
Қазақстан көмірі деп таныңыз.
Туралғанда ақ мамықтай бөлкелер,
Түспей ме еске астық еккен өлкелер,
Соның бірі Қазақстан - таныңыз,
Соның наны жеген осы наныңыз.
Дастарқаннан нарттай қызыл алманың
Қол созғанда таңдап бірін алғалы
«Қазақстан!» дей көріңіз, бауырым,
Өсіруші алманың ең тәуірін.
Сары аязда - сақылдаған ақпанда -
Адам тұсын, ағаш дір-дір қаққанда,
Ұмытпаңыз Қазақстан сыйларын
Жеткен сізге жылұымен пиманың.
Жапқан сайын әрбір үйдің тебесін,
Қаққан сайын әр есіктің шегесін,
Құрметтеңіз Қазақстан жерінің,
Өзендерше өрши аққан темірін.
Көк теңіздей толқын ата көпірген
Домбыра үні жетсе сізге эфирден,
Қабылдаңыз Қазақстан күйлерін
Қуантушы бақытты Отан үйлерін!

1957

Ұлықбек Есдәулетов

Қазақстан

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,

Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!
Тұлпарыңның шабысын,
Домбыраңның қағысын,
Күңіреңтен тау ішін,
Дарияның ағысын
«Сүйем!» десем - бәрі шын,
Қазақстан - намысым!
Әрбір тасы - киелім,
Әр уығы - жүйелім,
Ән кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,
Сары алтыннан сүйегін,
Қазақстан - жыр елім!
Шаңырағың - шырағым
Топырағың - тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан - қыраным!
Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан,
Жұлдыз жансын жолыңнан,
Басыңа бақ орнасын,
Қыдыр болсын жолдасың,
Құдай сені қолдасын,
Қазақстан - көз жасым!..

Абдрахман Асылбек

Қазақстан — кеше, бүгін, ертең (Бала көзімен)

Қазақстанның кешегісін көрмедім,
Өйткені, мен онда өмірге келмедім.
Оқыдым ғой тарихтан да аздаған,
Аталардың білем айтып бергенін:
Бір кездері еркін заман болыпты,
Бозторғайлар қой үстіне қоныпты.

Содан кейін ойран салып орыстар,
Қазақтардың қанын судай сорыпты.
Тартып алып малы менен байлығын,
Тірідей-ақ атып тастап қайбірін,
Аштықпенен қырса жарты қазақты,
Болмас сірә бұдан өткен қайғы-мұң.
Ал, бүгін ше?
Қуанышты барша жан,
Қол жеткіздік еркіндікке аңсаған.
Қазақстан елі болып атандық,
Сол үшін де мақтанамын, ән салам.
Бабалардың рухынан күш алам,
Зымыранмен кеңістікке құша алам.
Тілім, жерім, мұсылмандық иманым —
Әрқашанда аман болсын үш анам.
Ал, ертең ше?
Ерекше ғой ертеңім,
Ертеңім — бір таңғажайып ертегім.
Елім үшін туған жоқпын мен тегін,
Өсе берер, өсе берер өркенім.

Айдана Абдрахманова

Сұлтан Қалиев

Қазақстаным

Сәулетті әр қаласы
Шырағындай өмірдің
Кең-байтақ даласы
Құшағындай елімнің.
Түп-тұнық аспаны —
Байлықтың бастауы,
Замана дастаны —
Қазақстаным менің.
Жасындай айбыны
Ұл-қыздарды түлеткен,
Халқымыздың ай, күні
Жұлдыздарды түлеткен.
Түп-тұнық аспаны —
Байлықтың бастауы,
Замана дастаны —
Қазақстаным менің?



Канатова Аружан Ермухаммедқызы

Менің Отаным – Қазақстан

Отаным менің - Қазақстан,
Ыстық қой сенің топырағың,
Орманьң, көлің, бау-бағың,
Қастерлеген қазағым.

Найзаның ұшымен қорғаған,
Халқым менің мықты ғой.
Ата-бабам әрқашан,
Салт - дәстүрін сақтаған.

Әрбір қазақ батыры,
Желбіреткен көк туын.
Кең байтақ жерге қазағым,
Егін егіп, мал жайған.

Күзде піскен егінді,
Жинап алып ас қылған.
Аман болсын ел-жұртым,
Тыныш болсын Отаным.

Eraly Gani

Қазақстан

Еш жауға бермес жерімді,
Сақтаймыз өзен-көлімді.
Туылған жерім отаным,
Шексізғой сүйем елімді.

Әрқашан алға тілегім,
Қалайтындай жүрегім.
Отаным үздік ылғида,
Туылған кезден білемін.

Топырағын басасын,
Паналап таумен тасасын.
Дүние жүзі білетін,
Туылған елім жасасын.

Аралап таумен жотаның,
Басқа елдерде жоқ шатағым.
Елімді шексіз сүйемін,
Қазақстан менің отаным.

Алмас Ахметбекұлы

Көк тудың желбірегені

Көк тудың желбірегені -
Қазақтың асқақ беделі.
Махаббат, қайрат екеулеп,
Шымырлатқаны денені.

Көк тудың желбірегені -
Жаныма қуат береді.
Таласқа түссе жан мен ту
Жан емес,
Маған керегі-
Көк тудың желбірегені.

Көк тудың желбірегені-
Елдіктің асқақ өлеңі,
Әр жаққа тартпай, қазағым,
Бір сөзге жинал дегені.

Көк тудың желбірегені -
Бақыттың елжірегені,
Қиырда қалған қазақтың
Азат отанға жете алмай
Көзінің мөлдірегені.

Inauatpazylbek

Жаңа ел, жаңа бағыт бастамамыз

Қасиетіңнен айналдым ұлы далам,
Сенде өткен өз әже, ұлы бабам,
Сен деп отан жазамын арнап өлең,
Жүрегімнен сәбилік туындаған.

Қазақстан отаным асыл ұлы,
Өр мінезді қызы мен батыр ұлы,
Тарихың бар ұлы отан шежірелі,
Сені жырлап тұратын ғасыр үні.

Талапты бір тайыңмын тарыдайын,
Бәйге шапсам сайаңа дамылдайын,
Тауың, суың, орманың бәріде алтын,
Жерің жанат ұлы отан алып айдын.

Шегараны айқындап қойған делгі
Бабалардың батырлық төл еңбегі
Ақорданың алтындап шаңырағын
Ірге тасын кең қойдық керегелі

Елтаңбам бар елболдық егеменді,
Төртеу түгел құбылам теңелгені
Қасым Жомарт ағамыз басшы болған,
Ұлы отаным дамиды көгереді.

Жаңа ел жаңа бағыт бастамамыз,
Көктуды желбіретіп аспанға біз,
Қазақпыз дарқан көңіл, жаны таза,
Бар елмен құшақ жайып дос боламыз.

Дереккөзі: Bilimall.kz



Шың төресін үйретіп, аңға шыққан

Құсбегі Айшолпан Нұрғайыпқызымен farabishakirti.kz сайтының жас тілшісінің онлайн сұқбаты.

— Айшолпан, сізді бүркітші қыз деп әлем таныды десек, артық айтқандық емес. Сол қыз қазір қайда екен?

— Мен Моңғолия мемлекеті, Байөлке аумағынан боламын. Қарапайым ауылдың қызымын. Отбасымда әкем және анам, балалар 4 ағайындымыз. Қазіргі таңда мен Алматы қала-



сындағы Сүлеймен Демирел атындағы (SDU) университетінің 4-курс студентімін. Филология факультетінде оқимын. Мамандығым - қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі.

— Бүркітшілік пен аңшылық – ұлттық мәдениетіміз бен тарихымыздағы саятшылық өнері. Бүркіт баптап, аң алуға жайлы айтып өтсеңіз.

— Бүркітшілік өнері ата-бабамнан келе жатқан мұра. Атам, әкем, ағаларым бүркіт баптаумен айналысады. Мен кішкентайымнан бүркітпен бірге өстім. Сондықтан бүркітті баулыдым, қызығушылығым кішкентай кезімнен басталды. 13 жасымда Израиль фотографының арқасында әлемге «Бүркітші қыз» деген атпен танылдым. Содан бері көптеген фильмдерге түстім. Бірақ, осындай биік дәрежеге жетемін деу мүлде ойыма келмеді.

— Өмірлік ұстанымыңыз, ата салт-дәстүріміздің жалғастыруға ниет еткен



ЖАС ТІЛШІЛЕРГЕ КУӘЛІК ТАПСЫРЫЛДЫ

«Farabi shakirti» журналының электрондық нұсқасы мен farabishakirti.kz желілік басылым - сайтының оқырмандары арасында шығармашылыққа бейім, әділдіктің ақ туы – журналист болуды армандаған шәкірттеріміз көп. Сол жастардың барлығы дерлік қалаған мамандығы бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Тұран» университеті журналистика факультетінің студенттері атанды.

Биылғы оқу жылы басталғаннан көптеген оқушылар шығармашылықпен айналысуға ниет білдіргенімен, жазу жұмысына айтарлықтай басымдылық бере алмай келеді. Әрине, мақала жазу, іздену, тақырып таңдау – оқушыларға оңай соқпайтыны рас. Деседе, жүзден жүйрік шығып, редакциядан тапсырма алып, табанды жазуға ден қойып келе жатқан оқырмандарымыздың бар екеніне қуанамыз.

Ұлттық мерекеміз 25 - қазан күні қарсаңында, Алматы облысы, Шамалған ауылы, «Үшқоңыр» орта мектеп-гимназиясының оқушысы - Айша РАХИМБЕРДИЕВА, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Е. Бекмаханов мектебінің оқушысы Ақбөпе МОЛДАШЕВА, Алматы қаласы, №169 - мектептің 11 «А» сынып оқушысы Дана МЕЛІС farabishakirti.kz желілік басылым-сайтының Жас тілшісі атанды.

Суретте: «Үшқоңыр» орта мектеп-гимназиясының директоры – Аубакирова Нағима Досболқызы, жас тілші Айша, сынып жетекшісі - Халенова Сымбат Касенханқызы.

МАМАНДЫҚҚА НЫҚ ҚАДАМ!

Алматыдан жолданған Жас тілші куәлігі баянауылдық тілшіміз Ақбөпеге жетті. II-тоқсанның алғашқы күні А.Молдашева үшін ерекше есте қалатын болды. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Е. Бекмаханов мектебі оқу ісінің меңгерушісі Мурсалова Айнагүл Ілдебайқызы жас тілшіге игі тілектерін айтып, оқушылардың жалпы жиналысында куәлікті табыстады.

Ақбөпе оқитын 11-сыныптың жетекшісі Ақылбекова Арайлым Шакманқызы

Суретте: Ақбөпе мен Айнагүл Ілдебайқызы





қатар жүретін болғандықтан осы құс арқылы әлемнің 31 мемлекетіне сапар шегіп, құрметке бөлендім. Өте көп мүмкіндіктерге жол ашылды. Соның ішінде өте керемет гранттарға ие болдым.

— Алдағы уақытта құсбегілік дамыту ойыңызда бар ма?

— Иә. Бүркітшілік жолымды одан әрі кәсіби түрде дамытуды мақсат етіп отырмын. Соның бірі – бұйырса,



іні-сіңлілеріңізге айтар кеңесіңіз қандай?

— Әр адамның, баланың да алдына қойған мақсаты, өмірдегі ұстанымы болады. Менің ұстанамым: Дана Абай ағамыз қалдырған «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық қылған жалықпас, Үйретуден балаға» - деген ғибраты. Өзінді құрметте, өзгелерді құрметте және өз жасаған әр іс-әрекетіңе жауап бере біл! Өмірдің әр сәтінен сабақ ал! Өзгелерге айтар кеңесім әрқашан даму жолында болу қажет. Қазіргі заманда тіл білудің пайдасы өте зор. Сонымен қатар арман-мақсаттарыңа жету үшін қолдан келген әрекетті жасау керек. Алдымызға мақсат қойсақ, соңына дейін жете білейік! Ұлтымызды, туған тіліміз бен дінімізді құрметтейік. Ең бастысы еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

— Құрбымыз бүркітші қыздың көпшілік біле бермейтін қандай жетістіктері бар?

— Мен туралы «Бүркітші қыз» (The eagle Hunters) атты деректі фильм түсірілді. Аталған фильм Оскар сыйлығына үміткер, әлем бойынша үздік 15 фильмнің қатарына енді. Ал, Австралия әншісі Сия Ферлер «Angel by the Wings» атты әніне клип шығарды. Сонымен қатар мен туралы фильмдер ғана шығып қоймай, «Бүркітші қыз» атты кітабым жарыққа шықты. Осыдан 1 жыл бұрын Астана қаласында кітабымның тұсаукесерін жасадым. Қазіргі кітап таңда қазақ тілі, моңғол тілі, орыс тілі, жапон тілдеріне аударылып жатыр.

— Бүркітшілік өнерінің сізге көп пайдасы ба-рын жетістіктеріңіз арқылы білдік. Әлі де ұмытып кетіп, айтылмай қалған тұстары бар ма?

— А! Иә)). Қасиетті қыран құсты рәмізде бейнеленген. Бүркіт - жыртқыш құс. Оны – мұзбалақ, ақиық, қараша деп атайды. «Құс патшасы - бүркіт» - дейді.

Киелі құс болғандықтан үнемі бағы мен қуанышы

саятшылық мектебін ашу. Әлемге «Бүркітші қыз - Айшолпан» ретінде танылды. Алдағы уақытта «Білімді қыз - Айшолпан» екенімді дәлелдесем деген ниетімді де айта кетейін. Деседе, көбінесе арман - мақсаттарымызды көпшілікпен бөлісіп, жария етпеймін. Әйтсе де, арманның ұшқындары өзгеге ой саларына кәміл сенімдімін!

— Айшолпан, сұхбатыңызға рақмет! Алдағы уақытта армандарыңыз орындалып, мақсаттарыңызға жетуге тілектеспін!



**МОЛДАШЕВА Ақбөпе,
Е. Бекмаханов
мектебінің оқушысы
Павлодар облысы,
Баянауыл ауданы,
Ұзынбұлақ ауылы**



Республикалық балалар оқулары байқауының жеңімпазы анықталды

2023 жылғы 1-2 қараша күндері Астана қаласында Республикалық балалар оқулары байқауының қорытынды шарасы өтті.

Шараның мақсаты - балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, қазақ және шетел әдебиетін терең зерделеуге шақыру, сондай-ақ оқушылардың жылдам оқу, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту.

Республикалық кезеңге еліміздің барлық аймағынан іріктелген 63 оқушы қатысты. Олар шара барысында 60 сұрақтан тұратын тест тапсырмасын орындап, эссе жазып, сыни ойлау және ойын дұрыс жеткізу шеберлігін көрсетті. Ал байқаудың аудандық кезеңіне 8-10 сыныптың 10 024 оқушысы қатысса, облыстық кезеңде 767 оқушы бақ сынаған болатын.

Айта кетейік, шара барысында Қазақстандық қоғамдық даму институты әзірлеген балаларға арналған Тапум мобильді қосымшасы таныстырылды. Сондай-ақ қатысушылар Назарбаев Университетіне және ҚР Ұлттық музейіне экскурсия жасады, медиа және ақпараттық сауаттылық туралы дәріске қатысты.

Бүгінгі жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Мадияр Қожахмет, жазушы Қуаныш Жиенбай, публицист, жазушы Шархан Қазығұл, Назарбаев Университеті кітапханасының директоры Джеральд Кавана және Қазақстандық қоғамдық даму институтының Басқарма төрағасы Нұрбек Матжани қатысты.

Қазылар алқасының шешіміне сәйкес, бірінші орынды 8-сынып бойынша Ақтөбе қаласы №1 мектеп-гимназиясының оқушысы Абылай Ержанов, 9-сынып бойынша Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Айша Бағдат, 10-сынып бойынша Түркістан қаласы Ш.Қанайұлы атындағы №2 жалпы орта мектебінің оқушысы Арайлым Ширимбекова иеленді. Сондай-ақ ІІ, ІІІ орын жеңімпаздары мен байқауға белсенді қатысқан оқушыларға да арнайы дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

Еске салайық, балалар оқулары байқауы биыл дәстүрлі түрде 3-рет ұйымдастырылды. Қорытынды шараны ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қазақстандық қоғамдық даму институты және Назарбаев Университеті бірлесіп өткізді.

Автор: E-history.k

ТҮРКІСТАН:

Арыстық оқушы әлемнің үздік 21 Университетінен шақырту алды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу басты реформаларының бірі екендігін ерекше атап өтті.

Арыс қаласының 11 сынып оқушысы Шапағат Сейілханға әлемге әйгілі 21 жоғарғы оқу орны өз гранттарын ұсынған. Олардың қатарында Case Western University, Chicago State University, Clark University, Colarado State University, California State University секілді оқу орындары бар. Ал Шапағаттың таңдауы Чикаго университетіне түскен. Себебі, аталған оқу орны әлемдік рейтингте жоғары бағаланады.



Әлемдік жоғарғы оқу орындарының назарын аударуға Шапағаттың жазған түйіндемесі себеп болған. Онда ол өзінің өмірі мен талабы туралы ерекше жазба қалдырған. Әлемнің 28 университетіне жазған хаттарынан 21 жауап келген. Баршасы жас түлекті оқуға шақырған.

«Тамыз айының соңында IELTS тестін тапсырып 6,5 балл жинадым. Содан «Common app» бағдарламасы арқылы әлемдік жоғары оқу орындарына хат жаздым. Арада 3-4 ай өткенде оқуға шақыртулар келе бастады. Қатты қуандым. Әке-шешем де, ұстаздарым да дән риза. Шет елде білім алуға ата-анам қарсы емес. Дегенмен, әлі нақты келісімін бермеді. Енді қаңтар айында гранттың толық нәтижесі шығады. Сол кезде қай университетте оқитыным белгілі болады» — дейді арыстық оқушы.

Жас түлектің таңдап отырған мамандығы халықаралық қатынастар саласымен тікелей байланысты. Ол шетелде жүріп, дипломатиялық іскерлік саласында қызмет еткісі келеді.

Didarbek.kz





«Жасанды интеллект фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды»

Қасым-Жомарт Тоқаев,

Қазақстан Республикасының Президенті:

«Жасанды интеллект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллектті технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады. Кейбір сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллектінің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – дүниежүзілік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігіне пара-пар. Аталған технологияның кең қолданысқа ие болуы Қазақстанның қарқынды дамуында маңызды рөл атқара алады».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Bridge форумында сөйлеген сөзінен.

Мемлекет басшысы дәстүрлі Digital Bridge халықаралық технологиялық форумы аясында ұйымдастырылған роботты техника, Social Tech, Creative Economy, AI, FinTech, Industry 4.0, GovTech тақырыптық көрме аймақтарын, сондай-ақ Kaspi.kz, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агентігі, Astana Hub, Freedom Bank, MyCar және тағы да басқа ұйымдардың көрме стендтерін аралап көрді. Роботты техника аймағында Мемлекет басшысы көптеген жарыстарда жеңімпаз атанған роботты техникадан Қазақстан құрамының мүшелерімен әңгімелесті және Ustem Foundation, Alem School, MakerSpace жобаларымен танысты.

Жасанды интеллект біртіндеп барлық салаларда қолданыла бастағанын көрсетеді. Салаларды цифрландыруды нығайтып, оның мүмкіндіктерін пайдаланудың тиімді екенін айқындауда. Жасанды интеллект Чемпиондар лигасының жеңімпазын анықтағанын Бұқаралық ақпараттар құралдары жазуда. Өзіміз білетіндей, ұялы байланыс операторлары, ірі компаниялардың бірыңғай Call орта-

лықтары, Республикалық деңгейді ауруханалар мен оқу орындарының байланыс ақпараттарында телефон қоңырауына жауапты жасанды интеллект қыздар жауап береді. Жақында, Түркістан телеарнасында «жасанды интеллект» бағдарлама жүргізе бастады. Күншуақ Табиғатқызы әзірге ауа райын жүргізіп келеді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жасанды интеллект негізінде кеңес беріп, мемлекеттік қызмет түрлерін көрсететін «AiGov» чат-боты жобасы да Мемлекет басшысына таныстырылды. Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін анықтауға және оларға проактивті мемлекеттік қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін «Отбасының цифрлық картасы» іске қосылды. Мұнай мен газ саласында, логистика, ауыл шаруашылығы мен білім саласында IT индустриясының кәсіби мамандарын дайындауға көп көңіл бөлінуде.

Оның мүмкіншіліктерін қазірдің өзінде күнделікті өмірімізге пайдаланып келеміз. Айталық, ұялы телефондағы карталар, автобустың жол жүру бағытын, қайда келе жатқанын білесіз. Алматы көшелерінде іздеген ғимаратыңызды адаспай табу үшін арнайы картаны қоссаңыз келе жатқан жолыңыз туралы барлық нұсқаулықты айтып отырады. Тіпті, жолыңыздың ашықтығын, кептелісіне дейін айтып отырады. Жасанды интеллект әрбір саланың және әрбір адамның болашағына әсер ететін негізгі күш болып табылатынын әр саладағы нақты дәлелдер арқылы айта аламыз.



КУСАИНОВА Айдана Мұхитқызы,
«Туран» Университетінің 3-курс студенті.
Алматы

Дереккөзі: Akorda.kz;
Wikipedia; Qazaqtimes.com

Жақында Египеттің Шарм-эль-Шейх қаласында шахматтан 8, 10 және 12 жас аралығындағы ойыншылар арасында әлем чемпионаты өтті. Жас шахматшылар үшін ең беделді жарыста елімізден Данис Қуандықұлы әлем чемпионы атанды.



Жас шахматшы Данис Қуандықұлы әлем чемпионы атанды



Жансая Әбдімәлік шахмат академиясының арнайы тобына қатысқан Данис Қуандықұлы "10 жасқа дейінгі" жас санатында өнер көрсетті. 11 турдың қорытындысы бойынша Данис 9 ұпай жинап, бірде-бір ойында жеңілмеген. Атап айтқанда, ол 7 рет жеңіске жетіп, 4 рет тең түскен. Қорытынды кестеде Данис АҚШ, Ресей және Қытайдан келген мықты шахматшылардан басым тұрды.

Данис Қуандықұлының жетістігі – еліміз үшін тарихи оқиға. Себебі бұған дейін ұлдар әлем чемпионатында шахматтан алтын алмаған.

Осылайша, 10 жасар зияткер спорт шеберіне үміткер атанып, өз жас санатында Алматы мен Қазақстанның чемпионы болды.

"Қазақмыс Корпорациясы" ЖШС – Алматы шахмат федерациясының демеушілерінің бірі. Енді компания басшылығы Ұлытау өңірі мен Балқаш қаласында шахмат академияларын ашуды жоспарлап отыр. Компания Данис Қуандықұлын лайықты жеңісімен құттықтады.

Данис, оның ата-анасы және жаттықтырушысы Кашашвили Александр Павловичті әлем чемпионатының алтын медалімен құттықтаймыз!

Данис Қазақстандық шахмат тарихына мәңгілікке енді.

Дереккөзі: Stan.kz; chessacademy.kz



АЛМАТЫНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ АДАМЫ

Нағашыбек
ҚАПАЛБЕКҰЛЫ, жазушы

Есіміз екеу, өңіміз төртеу, көңіліміз ойран болды. Төртке келген немерем айдың күні аманында жоғалып кетті. Көрші келіншек өзінің үш баласымен бірге менің немеремді де алып шыққан. Орталық стадион жанындағы жартылай жерге сіндіре салынған супермаркетті аралатып жүргенде менің немерем бала емес пе, айналсоқтап қалып қойған. Келіншек бір қараса немерем жоқ, үш баласын жетектеп ары-бері жүгіреді, қарамаған жері қалмайды. Немерем үшті-күйлі жоқ! Дереву қалта телефонымен қоңырау шалып, маған хабарлады. Мен әке-шешесін аяғынан тік тұрғыздым. Машинама міне салып, сол төңіректі шыр айналдым, супермаркетті араладық. Полицияға хабарладық. Жоғалғанына үш сағаттан асты, еш хабар жоқ.

Келінім бода-бода жылап жүр, балам немеремді алып кетуіне рұқсат бергені үшін оған діңкілдеп ұрса береді.



2.

Көше бойлап, тротуар аялдамаларды қарап, үйге келдік. Бәрімізді үрей билеген. Қыстың күні бұлыңғырланып, үскірігін үрлеп, батып барады. Есік қоңырауы дың-дың ете қалғанда, бәріміз тапырақтай жүгірдік. Немеремді жетектеп ұзын бойлы мосқал адам кіріп келді. – Сіздердің балаларыңыз ба? – деді. Бәріміз улап-шулап, төрт жасар құлынымызды бас салдық. Көзімізден жас ыршып шығып кетті, аймалап-толғанып, сүйіп жатырмыз. Шешіндіріп жатқанда ғана әкелген кісіні еске алдық.

— Бұл кісі кім? – дедік жапатармағай.

— Таксист.

Жолда адасып жүргенде қасына жақын тоқтап сұрапты. Бала шынын айтыпты. «Адресі білмеймін, үйдің жанында «Дана» деген магазин бар» - депті. Таксист машинасына отырғызып алып, кішкентайымыздың көрсетуі бойынша үйге әкеп кіргізіп кеткен екен ғой. Бәріміз далаға жүргенімізбен, сол таксисті таба алмадық.

Кейін орталық стадион жанына немеремді қолымнан жетектеп талай барып, таксистерден сұрау салдық. Ешкім білмейді. Аты-жөні кім, машина нөмері қандай? Жұмбақ. Адамгершілік пен мейірімі шуақ шашып тұратын Алматының ақ адал қарапайым азаматтары-ай!..

Ғажап қайырымды істеріңе қайран қаламын!

Атақты дінтанушы бұл кісіні жақсы білемін. Ынтымақ ауылындағы алма бағының ішіне эп-пақ киіз үй тігіпті, қасында тамақ істейтін қараша үйі тағы бар. Мамыр айының тамылжыған әдемі



шағы. Алма ағашы гүлдерін жарып, бүкіл бақты ақ, қызғылт түрлі гүлдер әлемі құлпыртып, жайнатып жіберген керімсал шақ.

Халифа Алтай орамал тартқан бәйбішесі және Европаша жеңіл киінген ересек екі баласымен келді. Ұлдары біреуі Швецарияда, екіншісі Германияда тұрады екен. Бәрі қазақшаға судай. Сол жылы үлпілдек қызғалдақтар қырқа-қырқаларға қаптай шығып, парсы кілеміндей жайнап тұр.

3.

Халифа ақсақал табиғатқа тебірене, сүйсіне қарап, бақ ішін аралады. Аста төк дастархан, қымыз, шұбат сапырулы.

Біздің елдің талантты әнші қыз-жігіттері бүкіл тау алабын тебіrentіп асқақтатып ән-жырын шырқады. Несін айтасыз, ғажап отырыс болды. Халифа ақсақал аспай-саспай талай ғибратты әңгімелер айтты. Кейін оның бәрін жазып жатқан мемуарыма қосармын. Бата алып, қой сойдық. Тәстік, шоққа көмген көкбауыр, кәуап, қазанжаппа, көмбенан жасап көрсетіп, дәм татқыздық. Өте көңілді әсерленген Халифа Алтай өзімен бірге алып жүрген қара қобдишасын ашып:

— Мына Құранды өзім аударып, шығартқан едім. – Сендерге ұсынамын, – деп Тілектес екеуімізге бір-бірден сыйлады. Қасиетіңнен айналайын Құранды маңдайымызға тигізіп, сүйіп, төсімізге бастық.

— Ал, сен жазушы екенсің, саған осы еңбегімді

түгел жазып шыққан қаламсабымды сыйлаймын, – деп қара қаламсабын маған берді. Көңілім қанаттанып, шабыттанып кеттім.

— Аға, шақырғанымды қабыл алып келгеніңізге мың да бір рахмет. Сізге бір жылқы сыйладым. Қалаған уақытыңда алып кетіңіз, – деп Тілектес ол кісінің арқасына шапан жауып, бөрік киігізді.

— Қарағым, оның не? Осы сый-сияпатыңа бек разымын, – деп қашқақтап еді, Тілектес айтқанына қайтпады. Халифа ақсақал төгілтп батасын берді.

Қонақтар дұғай-дұғай қоштасып, машиналарына мініп кетіп қалды.

— Аға, мен бір дәу жылқыны байлап, семіртп қоямын. Қысқа қарай соғымға сойып апарып берейік, – деді Тілектес.

Қара күзде Тілектес маған:

— Аға, Халифа ақсақалға айтыңызшы. Жылқыны қашан сойып апарып берейік, – деп өтініш айтты. Халифа қажы телефонды өзі көтерді.

– Қарағым, ол жылқыны мен сексенге келгенде, тойыма алайын, – дегені бар емес пе?

Үндей алмадым. Бұл кісі қазір жетпіс төртте, әлі бақандай алты жыл күтеміз бе сонда? Көп ұзамай Тілектес ауданнан бірден облыстық соттың төрағасы қызметіне өсіп кетті. Не керек, Халифа қажы алты жыл бойы алмады, алты жыл бойы Тілектес сол кісіге арнап қысқа қарай соғым дайындады.

Бұл кезде Тілектес Шымкент облыстық, одан Алматы қалалық сотының төрағасы болып ауысып өсіп келді.

4.

Жасы келіп қалған қария бір күні қисая кетсе мойнымызға қарыз болмасын деп жылда алғашқы қар түскенде телефон шаламын. Ол кісі бипаз, салмақты үнімен сексенге келгенде мерейтойына алатынын айтады.

Ақыры, Халифа Алтай атамыз сексенге толып, табан қазысын жасап, жылқыны сойып апарып бердік. Бақ қонған, қыдыр шалған Халифа атамның берген Құраны төрімде, ал қаламсабы жазу үстелімінің үстінде ең құнды дүнием болып сақтаулы тұр. Киелі де, қасиетті ұлы адамның ақ батасын алғанымыз қандай жақсы болған!

Бата – өрге сүйрейді, қарғыс – көрге сүйрейді.

Өрнекті тақия киген ғұлама дінтанушы, құранды қазақша аударған абыз Халифа Алтай қажы қайталанбас ұлы тұлға ғой!

Осындай аспайтын, саспайтын ғажап жанның имандылық пен мейіріміне шомылып, шуақтанғанымға шүкіршілік жасаймын.



ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН БОЛАШАҚҚА: ТҮРКИЯ ҒАСЫРЫ

Осыдан 100 жыл бұрын, біздің 900 жылдық тарихымызды Анадолы жерінде жерлегісі келетіндерге қарсы, біздің халқымыз Чанаккале немесе Кутюль-Амаре сияқты ұзақ шайқастардан кейін соңғы күштерін салып, ұлттық күресті жеңіспен аяқтады.

Түркия Республикасы, Анадолыдағы тәуелсіздік рухында құрылған үшінші ұлы мемлекетіміз, тәуелсіздік үшін күресімізді, көптеген кезеңдерді қамтитын, жеңіске жетелеген бірлік пен ынтымақтастық рухының ұлы туындысы.



Түркия Республикасының құрылуының жариялануымен білімнен экономикаға жан-жақты жаңғыру кезеңі басталды. Түркияны әлемде мақтан еткен көптеген табыстарымыздың іргетасы осы кезеңде қаланды. Түрік ұлты мен түрік мемлекетінің ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, білім, денсаулық, көлік, демократиялық құқықтар мен бостандықтар, сондай-ақ біздің ұлтымыздың өмір сүру деңгейін көтеретін көптеген салалар түрік ұлты мен Түрік мемлекеті аяғынан нық тұра алатындай етіп нығайды.

Халқымыз талай қиындықтар мен көптеген

кедергілерді еңсеру арқылы Республикамызды 100 жылдық мерейтойына айтарлықтай жетістіктермен жетті.

Соңғы 20 жылда Республиканың көп ғасырлық тарихын жете білу және Құрметті Президентіміз Режеп Тайып Ердоғанның берік ұстанымы негізінде төккен тер мен жұмсалған күш-жігерді лайықты өтеу үшін жаңа ғасырдың есігі айқара ашылды. Түркияның тәуелсіздігі мен жарқын болашағының жолында халқымыздың, еліміздің діттеген мақсатына, ұлтымыздың армандарына жетуі және ұлы да қуатты Түркияны құру үшін әр салада көптеген революциялық істер, қызметтер мен инвестициялар жүзеге асырылды.

Бұл тұрғыда, ең алдымен, ұлттық ерік-жігер нығайып, демократия орнады. Біздің сүйікті халқымыз туған жерінде қауіпсіз өмір сүруге мүмкіндік алды, ал біздің адамдар бейбіт өмір сүруге және болашаққа үмітпен қарай алатын





болды. Сонымен қатар, бүкіл ел бойынша инфрақұрылымдағы инвестициялардың арқасында өндіріс пен жұмыспен қамтуда жетістіктерге қол жеткізді, сәйкесінше экономика өсіп, еліміз жан-жақты нығайды. Өндірістің кеңеюінің нәтижесінде өнеркәсіптен бастап ауыл шаруашылығына дейінгі барлық салаларда жұмыс орындары қолжетімді бола түсті.

Өндірісті кеңейту арқылы өнеркәсіптен ауыл шаруашылығына дейінгі барлық салаларда жұмыспен қамтуға қол жеткізуге жағдай жасалды. «Мемлекет өмір сүретіндей халық өмір сүрсін» дегенді ұғынып, әлеуметтік қолдаулар көбейіп, мұқтаж азаматтарымыздың барлығын құшақ жая қарсы алды. Екінші жағынан, Президенттік басқару жүйесін енгізу арқылы мемлекеттік механизмде екі ғасырлық ізденістерге жауап беретін үлкен реформа жүзеге асырылды. Белсенді қауіпсіздік саясаты мен іскерлік және гуманитарлық сыртқы саясат тәсілін қабылдау арқылы мемлекетіміздің қуаты, туымыздың мерейі мен ұлтымыздың беделі артты.

Еліміздің денсаулық сақтаудан - білімге, технологиядан - қорғаныс өнеркәсібіне, сыртқы

саясаттан - мәдениет пен өнерге дейінгі көптеген салалардағы табыстарын жеделдеткен бұл бастамалар әрине оңайлықпен жүзеге асқан жоқ. Жаһандық менеджмент пен экономикалық жүйені түбегейлі сілкіндірген індеттер мен соғыстар кезінде біз елімізді оның күшті инфрақұрылымында үлкен серпіліске дайындау үшін аянбай күрестік. Шекарамызға шабуыл жасаған және түрік ұлтының өмірі мен мүлкінің қауіпсіздігіне төнген көптеген қауіптермен күрестік. Жаһандық дағдарыстардан басқа, біз мүмкіндік ретінде кездескен қос стандарттар мен эмбарголарды бұру арқылы әр салада күшімізді нығайттық. Осы кедергілердің барлығын жеңе отырып, біз демократия мен даму төңкерістерін бірінен соң бірі жүзеге асырдық.

Республикамыздың бірінші ғасырындағы олқылықтарды жойып, екінші ғасырға дайындықты аяқтайтын бұл серпілістер білімнен денсаулыққа, қауіпсіздіктен әділетке, энергетикадан көлікке, ауыл шаруашылығынан спортқа дейін, барлық салада өз жемісін бере бастағаны сөзсіз. Өсіп, дамып, күшейіп, байып жатқан Түркия – халқымыздың болашағына үмітпен қа-

райтын елге, шет елдерде өзін басқа мемлекеттің соңынан еретін емес, соңынан ерте білетін мемлекет ретінде танытты.

Әлем тарихи өзгерістерді бастан кешіріп, жаңа әрі өмірлік маңызды міндеттермен жүздесіп отырған жағдайда біз үшін бұл мерейтой – мемлекетіміздің 2-ғасырының басын белгілейтін күнтізбелік өзгеріс қана емес, одан да жоғары мәнге ие. Осы тұрғыда Республикамызды саяси, экономикалық, әлеуметтік және дипломатиялық салаларда ұлт ретінде армандаған деңгейге жеткізетін серпіліс Түркия ғасыры деп аталды. Бұл серпіліс – біздің еліміздің және өркениетіміздің барлық жетістіктеріне сүйеніп, жаңа ұрпаққа қалдыратын ең үлкен мұрамыз.

сөйлеп, шешім қабылдауға деген ерік-жігерін нығайта түсеміз. Саяси және экономикалық күш-қуатымызды арттыра отырып, біз әлемдегі ең ірі экономикалар арасында биікке көтерілуді жалғастырамыз. Еліміздің қолдауымен біз туған жердің әр бұрышында тыныштықты нығайтып, дамуға деген жігерімізді арттырамыз. Біз әрбір азаматымыздың құқықтары мен бостандықтарын және оларға лайықты әл-ауқатқа ие болуын қамтамасыз етеміз.

Біз республикамыздың екінші ғасырын "Өтемақы емес, прогресс дәуіріне" айналдыруға бел будық. Осы орайда біздің Президентіміз Режеп Тайып Эрдоган мырзаның басшылығымен біз өз елімізді барлық салада Түркияның Жүз жылдық көзқарасы бар жаңа деңгейіне көтеруге күш саламыз және ата-бабаларымыз сеніп тапсырған осы сүйікті Отанымыздың мәңгілікке өмір сүруін қамтамасыз ету жолындағы істерден ешқашан бас тартпаймыз.

Түркия ретінде біздің бірінші ғасырымызды барлық қиыншылықтары мен жетістіктерімен артта қалдыра отырып, біз шейіттер мен ардагерлерді, әсіресе Азаттық соғысының бас қолбасшысы, республикамыздың негізін қалаушы Гази Мұстафа Кемалды және біз бүгінде еркін өмір сүретін осы Отанымызды сыйға тартқан барлық батырларымызды құрметпен және ризашылықпен еске аламыз.

Біздің халқымызды Республика күнімен құттықтаймын!

**Профессор доктор
Фахреттин АЛТУН**


**Түркия Республикасының
коммуникациялар басқармасының
басшысы.**

**Дереккөз: El.kz
Автор: E-history.kz**

«Түркия ғасыры» бағдарламасымен Республикамыздың 100 жылдығына халқымызбен бірге үлкен үмітпен, бұдан да зор мақсаттармен қадам басып отырмыз. Осы орайда, ең алдымен, біз еліміздің үлкен құрбандықтармен және күш-жігермен қол жеткізген табыстарын қорғаймыз. Сондай-ақ, біз еліміздің әлемдік деңгейде сөз




1. Әріптер сандармен өрнектелген. Сол өрнек бойынша SAZAN сөзіне сәйкес келетінін санды белгілеңіз.



SAZAN=?


- A) 54548
 B) 45448
 C) 64547
 D) 74548
 E) 14548

2. Алғашқы екі таразының екі иіні бір-бірімен тең. Үшінші таразының да иіні бір бірімен тең болуы үшін сұрақ белгісінің орнына жауаптардың қайсысын қоямыз?



- A) B) C)
 D) E)

3. Төмендегі фигураның симметриясын табыңыз.



- A) B) C)
 D) E)

4. Төмендегі қосу амалында $U \cdot V$ мәні неге тең?

$$\begin{array}{r}
 U \quad V \\
 U \quad V \\
 + \quad U \quad V \\
 \hline
 T \quad V \quad 8
 \end{array}$$

- A) 30
 B) 11
 C) 5
 D) 6
 E) 8

5. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін санды табыңыз.

243 ■ → 27
 366 ■ → 42
 643 ○ → 49
 427 ○ → 31
 (998 ■)○ → ?

- A) 18
 B) 81
 C) 8
 D) 80
 E) 9


6. Артық фигураны табыңыз.

- A) B) C)
 D) E)

7. Бір қатарда тұрған оқушылардан басынан бастап санағанда Ақжол он бесінші, соңынан санағанда Айдын он сегізінші болып тұр. Айдын Ақжолдың алдында және араларында төрт оқушы бар болса, онда барлығы қатарда неше оқушы тұрғанын табыңыз.


- A) 33
- B) 31
- C) 29
- D) 27
- E) 25

8. Суреттегі бос орынды толықтырыңыз.



- A)
- B)
- C)
- D)
- E)


9. Бір біріне тең болатын және 3 деңгейден тұратын сіріңкелерден жасалған көрнекілік берілген.



Қолында 440 сіріңкесі бар Айгүл, осы көрнекілікті тағыда неше деңгейге дейін жасай алады?

- A) 3
- B) 4
- C) 5
- D) 6
- E) 2

10. Төмендегі фигурадан жауаптардағы кубтардың қайсысын құрастыра алмаймыз?



- A)
- B)
- C)
- D)
- E)

11.



- A)
- B)
- C)
- D)
- E)

Дайындаған: АБУТАЛИЕВ Диас

*Логикалық сұрақтар қайталанып берілуде.

*Логикалық сұрақтардың дұрыс жауаптары журналдың келесі электрондық нұсқасында жарияланады.

Логика сұрақтарының журналдың №10 (50) 2023 жылғы электрондық нұсқасында жарияланды.

Е; 2) С; 3) С; 4) D; 5) А; 6) D; 7) С; 8) С; 9) E; 10) B; 11) A; 12) D



ӘЛЕМ БОЙЫНША ЕҢ ҮЛКЕН КІТАПХАНАЛАР

Қазақстанның ежелгі Отырар қаласында әлемдегі ең үлкен кітапхана орналасқан. Отырар шамамен V ғасырда белгілі бола бастаған қала. Тарихи жазбалар авторларының айтуынша, ежелден бері Отырардағы кітапхананың даңқы жер жарған екен. Ғалымдардың пайымынша кітапхана қорында бабылдықтардың қыштан күйдірілген тас кітаптарынан бастап, түркі, парсы, қытай, грек, еуропалық тілдеріндегі кітаптар болуы әбден мүмкін. Ал ғұндардың өздері өз тілінде жазбалар қалдырып, географиялық карта сызған деседі. Бұл кітапханада ежелгі сына жазумен жазылған туындылар мен папирус орама қағаздарынан бастап, ортағасырлық Еуропа, Араб және Қытайдың көрнекті ғалымдарының шығармаларына дейін жинақталыпты. Ғасырлар тоғысында кітаптар қоры әлемнің әр түкпірінен мыңдаған әдебиеттермен толыға берді. XII ғасырдың аяғында Отырар кітапханасы атақты Александрия кітапханасынан кейінгі ең ірі кітапханаға айналды дейді көне шежірешілер. Бұхар тарихшысы Рузбейханның мәлімдеуіне қарағанда Отырардың қолжазба кітаптары Сығанаққа дейін таратылған.

Отырар кітапханасы орта ғасырлық дәуірде әлемдік өркениеттің дамуына теңдессіз үлес қосқан кешенді білім ордасы болғаны белгілі. Ертеректе Фараб аталған бұл аймақтан күллі дүние жүзіне мәшһүр, әлемдік ғылымға сүбелі үлес қосқан оқымыстылар көп шыққан. Отырар жаһандық өркениетке ықпалды болған дарындар мен талапты 22 Әл-Фарабидің

отаны болған. Солардың арасынан туған қаласының атын жер-көкке шығарып, Отанының абыройын асқақтатқан, Аристотельдің шәкірті, Авиценаның ұстазы, элиндік ғалымдардың еңбектерін қыпшақ тіліне тәржімалаған аудармашы Әбу - Насыр Мұхаммед бен Мұхаммед Тархан әл-Фараби Отырар кітапханасында білім нәрінен сусындап өскен.

Конгресс кітапханасы – Америка Құрама Штаттарының ұлттық кітапханасы және Құрама Штаттардың Конгресінің негізгі зерттеу филиалы болып табылады. Кітапхана Вашингтон қаласында үш бірдей ғимаратта орналасқан. Кітаптарының саны жөнінен де, алып жатқан аумағы жағынан да әлемдегі ең үлкен кітапхана саналады. Білесіз бе, мұндағы қызметкерлердің саны – 3000 адамнан асады екен.

